



Арқалық қаласындағы
облыстық № 2 әмбебап
ғылыми кітапхана

Кітапхана ТЫНЫСЫ

Библиодайджест

Арқалық қаласы
2021 жыл



КІТАПХАНА ТЫНЫСЫ

Шығарылады
қаңтар 2021 ж.
Библиодайджест №1

КММ Арқалық қаласының облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы

Мазмұны

- ✚ БИБЛИОГИД
- ✚ АТАУЛЫ КҮНДЕР
- ✚ МЕРЕЙТОЙЛАР
- ✚ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР
- ✚ БОЛАШАҚҚА ЖОСПАР

1 бөлім


Библиогид

«" Бір ел - бір кітап - 2021" акциясы Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына - 30 кітап»

/онлайн шолу/



Қазақстанда «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы 2007 жылдан бері ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы мен Қазақстан Республикасының кітапханалық қауымдастығы бастамасымен ҚР Мәдениет және спорт министрілігінің қолдауымен 15 жыл бойы өткізіліп келеді.





Оның мақсты – ұлттық әдебиеттің үздік шығармаларын оқу және насихаттау, білім беру үрдісіне ықпал ету, рухани мұрамызды сақтау, сондай-ақ

жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулауға бағытталған.

Сонымен қатар, бұл акция классиканы, заманауи әдебиет пен поэзияны қоса алғанда, отандық әдебиетке деген жұртшылықтың қызығушылығын одан әрі арттыруға ықпал



етеді. 2021 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге байланысты «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап» рухани – мәдени акциясы ұсынылды. Аталмыш акция аясында «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына – 30 кітап» атауымен танымал қазақстандық авторлардың поэзия, проза, драматургия, балалар әдебиеті және аударма саласындағы 30 үздік шығармасы жалпыхалықтық



оқуға ұсынылған жыл кітаптары үлкенді сыйлау, сөз тындау, ата дәстүрін құрметтеу сияқты дәстүрлерге мән беруге, рух, жан тазалығын, шынайы қасиеттерді сүйіп, толғануға бағытталған. Қазақстанның көрнекті жазушыларының шығармалары оқырмандар назарына ұсынылды.




"Бір ел- бір кітап" республикалық акция аясында Ұлықбек Есдәулеттің "Киіз кітап" кітабына шолу



Қазақтың белгілі ақыны, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ұлықбек Есдаулеттің бұл кітабына 1988-2000 жылдары жазылған ел мен жер, заман мен қоғам, табиғат пен махаббат туралы лирикалық, әлеуметтік-философиялық жыр толғамдары енгізілді. Ақынның ізденістерге барып, өлең

өнерінің соны қырларын аша түскен. Кітапта оқырманның ойы мен сезіміне қозғау салар әсерлі, өзекті өлеңдер жеткілікті. «Бір ел – бір кітап» республикалық акция аясында поэзия бөлімінде жарияланған Ұлықбек Есдәулеттің «Киіз кітап» кітабына онлайн шолу жасалынды.



«Бір ел – бір кітап» акция аясында «Қазақ драматургиясының абыздары»

/әдеби танымдық ассорти/



«Бір ел – бір кітап» акция аясында «Қазақ драматургиясының абыздары» атты әдеби танымдық онлайн - ассорти ұйымдастырылды.



«Балалар әдебиетінің бағбандары»

«Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай 30 кітап. Ы. Алтынсарин атындағы гимназияның оқушыларына өткізілген «Балалар әдебиетінің бағбандары» атты кітап көрмесін ұсынамыз.



«Ана- өмір шуағы»

/мерекелік көрме/

Абонемент бөлімінде 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған «Ана- өмір шуағы» атты кітап көрмесі ашылды.



Көрмеден Ұлы даланың ұлы қыздары туралы әдебиеттерді, ғылымдағы, өнер әлеміндегі, қоғамның барлық саласында ерлермен бірдей еңбек етіп жүрген нәзік жандар жайлы жазылған әдебиеттерді көруге болады. Атаулы

көрмені оқырмандар, кітапхана қызметкерлері қызығушылықпен тамашалады.

«Наурызым – әз наз гүлім»



Балалар әдебиеті бөлімі. Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөлімі «Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-нің психоневрологиялық ауруы бар мүгедек балаларға арналған күндізгі болу бөлімшесінде «Наурызым – әз наз гүлім» атты фольклорлық мереке өткіздік.



Наурыз-ұлыстың ұлы күні



Наурыз мерекесі - қасиетті күн. Данышпан ата-бабаларымыз бұл күнді табиғаттың айрықша белгілерін ескере отырып белгілеген. Күн мен түн теңелетін күн, төрт түлік мал төлдейтін, табиғаттағы барлық жәндіктер мен өсімдіктерге жан бітетін ай. Наурыз шығыс елдері үшін бірліктің, татулықтың, еңбектің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде тойланған.



Осы мерекеге байланысты Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханамыздың оқу залы бөлімі ұйымдастыруымен «Сәби - Арқалық» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің қазыналы қарттарымызға «Наурыз-ұлыстың ұлы күні» атты кітап көрмесін ұйымдастырды. Көрмеге «Наурызнама», «Наурыз көже», «Ұлттық салт-дәстүрлер», «Қазақтың киіз үйі», «Бабадан

қалған бар байлық», «Қазақтың ұлттық киімдері», «Быт и культура казахского народа», «Казахские народные обычаи», «Этикет казахов» және тағы да басқа наурыз туралы жазылған көптеген әдебиеттер қойылды. Іс-шара барысында құттықтау-тілектер айтылып, әсем ән шырқалды, қазақтың ұлттық салт-дәстүрі "тұсау кесер" рәсімі көрсетілді. Сонымен қатар ақсақалды атамыз бата беріп, наурыз көже таратылды.



"Тәуелсіздік-мәңгілік елдің тұғыры"

Сәуір айының 14-і күні Қостанай облысы бойынша ҚАЖД УК-161/12 мекемесінде № 2 ОӘК-ның оқу залының қызметкерлері жазасын өтеушілермен кездесу өткізді. Қазақстан Республикасының 30 жылдығы қарсаңында «Отыз жылдыққа, отыз кітап» акциясымен түзету мекемесінде таныстырылым өтті. Кітапханамыздағы «Тәуелсіздік-мәңгілік елдің тұғыры» атты кітап көрмесіндегі материалдар апырылды. Соның ішінде: «Қазақ хандары», «Ұлы дала елі», «Тәуелсіздік шежіресі», «Тарихи тұлғалар тағылымы», «Ұлттық қозғалыс сарбаздары», «Торғай көтерілісі», «Азаттықты аңсағандар», «Тәуелсіздік тағылымы», «Желтоқсан құрбандары», «Желтоқсан көтерілісі», «Азаттық үшін алысқандар» және т.б кітаптарға шолу жасалынды. Кітапханашы кітаптарды таныстыра отырып, қазақ хандығынан бастап күні бүгінге дейінгі тәуелсіздіктің оңайлықпен келмегенін, еліміздің өркендеп дамып кел жатырғанын сөз етті. Кітапханашының әңгімесіне қызыққан жазасын өтеушілерде кері байланыс жасап сұрақтар қойып, тұщымды жауаптарын алды. Кездесудің өту барысына қызыққан жазасын өтеушілер алдағы уақытта тағы келіп сабақ өткізуін сұрады. Ұсыныстары айтылып ескеруге тырыстық.




"Әр өлеңі - бір әлем"




Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы "Бір ел - бір кітап" акция аясында поэзия жанры бойынша М.Мақатаевтың шығармаларын насихаттау мақсатында "Әр өлеңі - бір әлем" атты челленджімізді " Жалын" клубының жастарының атынан қала жастарына жолдаймыз. Оқырмандарымыз ақиық ақынымыздың "Өмірдастан" кітабынан

кез келген шығармасын оқып, өз парақшасына салып кітапханамызды белгілеу керек немесе дайрекке жіберулеріңізге болады.




«Алаштың ардақты ұлы»



Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейхановтың туғанына 155 жыл толуына орай қаламыздағы Абай Құнанбаев атындағы мектеп гимназиясымен бірлесе отырып, бейне-конференция өткізілді. «Алаштың ардақты ұлы» атты

виртуалды кітап көрмемізді «ZOOM» бағдарламасы арқылы таныстырылды.





«Жазушы-гуманист және ағартушы» француз жазушысы Ромен Ролланның 155 жылдығына арналған әдеби көрмеге онлайн шолу.



«Кітапханаға саяхат»



Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің 1 курс студенттерімен кітапхана бойынша экскурсия өткізілді. Студенттер кітапхананы пайдалану ережесімен, кітапхананың бай тарихымен, барлық бөлімдердің жұмысымен танысты.

Кітапхана фойесінде түрлі-түсті безендірілген баннердің жанында студенттерге жыл сайынғы дәстүрлі «Бір ел-бір кітап» акциясы туралы айтылды. Биылғы жылы бұл акция

«Тәуелсіздіктің 30 жылдығына – 30 кітап» ұранымен өтуде.



Кітапхана тың

Абонементте студенттер тобы ақын Серік Тұрғынбековтың 75 жас мерейтойына және Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына арналған «Қазақстан: 30 жыл алға ұмтылыс» тақырыбындағы жылдың басты көрмесімен, мерейтойлық көрмелермен танысты. Көрмелер бойынша әдебиеттерге шолу жасалды.

Кітапхана технологиялары туралы және үлкен кітап теңізінен ақпаратты қалай дұрыс табуға болатындығын түсінгісі келетіндер үшін библиограф Сейтқожина Г.К. электронды және дәстүрлі каталогтар бойынша кітапхана сабағын өткізді.



Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

2 бөлім

Атаулы күндер

«Жеңіс даңқы – мәңгілік»



Ұлы Жеңіс қарсаңында өнер секторының ұйымдастыруымен «Жеңіс даңқы – мәңгілік» тақырыбында онлайн тарихи-лекция өткізілді. Іс-шараның мақсаты – тарихи деректерді келтіре отыра, бүгінгі ұрпаққа Отанға деген шексіз махаббат пен қаһармандықты паш ету.




Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

"Ауғаныстан - ұмытуға хақымыз жоқ"




Сіздердіз назарларыңызға



Кеңес әскерлерінің Ауғаныстаннан шығарылған күніне арналған " Ауғаныстан - ұмытуға хақымыз жоқ" ақпараттық дерекнамасын ұсынамыз.

15 ақпан күні Кеңес әскері Ауғаныстанды тастап кетті. Осылайша 10 жылға созылған соғыс аяқталды. Бұл соғыс 15 мыңнан астам Совет одағы жауынгерлерінің өмірін жалмады. Ауғаныстаннан әскердің шығарылған күні афган ардагерлерімен біздің де мерекеміз екені түсінікті.

Сонымен қатар бұл күні жауынгер- интернационалистерді аза тұту күні.



Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

«Ауған ардагерлері арамызда»



Арқалық қаласының ауған соғысы ардагерлерінің



Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

«Жеті атаны білу парыз»

16 наурыз шежіре күні. Шежіре - халықтың қасиетті тарихы, атадан балаға қалған асыл мұрасы, ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының қайнар көзі. Қазақ халқын өзге ұлттан даралап тұратын дәстүрдің бірегейі – жеті ата ұстанымы мен ұрпақ шежіресі. Өз ұрпағына жеті атасын үйрету атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүр.

Арқалық қаласының облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы Наурыз мерекесіне арналған «Жеті атаны білу парыз» атты тәрбие сағаты өтті.

Мақсаты:



Оқырмандарға жеті атаны білу арқылы өзінді тану. Атадан үлгі өнеге, тәлім тәрбие алу. Ата текті құрметтеу, ұрпақ жалғастығы, отбасы құндылығы және тектілік туралы ұғымды ұғыну. Өзінің кім екенін, ағайын тумаларының қайдан шыққанын білгізу, ұрпаққа шежіре үйрету, шығармашылыққа баулу. Іс шарамыздың қонағы қаламыздың абыз ақсақалдары өлкетанушы Байділдин Шөптібай атамыз және Раул Қамбарұлы қатысты. Іс - шара соңында салт- дәстүрімізге арналған «Ойлан тап» сайысы ұйымдастырылып, Арқалық политехникалық техникум студенттері ат салысты.



Есірткіге жол жоқ!

(Шок - көрме)

26 маусым – Халықаралық нашақорлықпен және есірткі саудасымен күресу күніне орай «Есірткіге жол жоқ» атты сақтандыру көрмемізді ашық аспан аясында оқырмандарға ұсынылды. Оқырмандар есірткі туралы ақпараттар алып, өз ойларымен бөлісті. Осы тақырыпқа сай оқу залы бөлімінде ұйымдастырылған кітап көрмесі және есірткінің адам өміріне

зияны туралы бүктемелер таратылды. Пайдаланушыларға ұсынылған медициналық, әлеуметтік, құқықтық және психологиялық мәселелерге жауап беретін нашақорлықтың алдын алу және зияны туралы басылымдардан жасақталған көрме маусым айының соңына дейін жалғасын табады.



Кітапхана тынысы

Қаңтар маусым

3 бөлім

Мерейтойлар

«Ы. Алтынсарин қазақ балалар әдебиетінің атасы»



Балалар әдебиеті бөлімі қаламыздағы қосымша білім беру орталығымен бірлесіп ағартушы Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына орай «Ы. Алтынсарин қазақ балалар әдебиетінің атасы» атты әдеби қонақжай өткізді.



Кітапхана тынысы Қаңтар - маусым

"Алаштың асыл перзенті"

Алашорда үкіметінің мүшесі, I-II Мемлекеттік Дума мүшесі, Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының Конституциясы мен жаңа Заңдарының дайындалуына және қабылдануына зор үлес қосқан заңгер,

қоғам қайраткері Бірімжанов Ахмет Қорғанбекұлының 150 жылдығына арналған "Алаштың асыл перзенті" тұлғатану айдары ұсынылды.



Суретте: Оқу орталығының ашылуына келген құрметті қонақтар, және «Тархан әулеті» қоғамдық қорының үйлестірушісі, жиында баяндама оқыған Ертай Қарабала!




«Алаш партиясы» ХХ ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыс тарихының өзекті мәселелерінің бірі – Алаш партиясының құрылуы, оның тарихи негіздері, саяси әлеуметтік сипаты және тарихта алатын орны. Қазақ зиялылары саяси партия құру әрекетін бірінші орыс революциясы жылдарында-ақ қолға алған болатын. Төрағасы — Әлихан Бөкейханов. ХХ ғасырдың басындағы елдегі аласапыран қиын кезеңде халықтың қамын ойлаған саяси күш – Алаш қозғалысы болатын. Осы қозғалыстың басында – саяси мәдениет әлемдік деңгейге көтерілген, оқыған, сауатты, кәсіби даяр заманына сай адамгершілік-имандылық қасиеттері ата-бабамыздың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарымен толысқан Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Тынышбаев, А.Бірімжанов сияқты тұлғалармен толыққан. Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді дегендей. Осы тұрғыдан Бірімжановтар әулеті жайлы ғылыми еңбектер тауып, кітап шығарып, зерттеп, кеңінен ізденіп жүрген Торғай өңірінің тумасы, жас ғалым Данияр Ихсаннның видео материалына жүгіртсек.

Кітапхана тынысы

«Жүз жасаған бәйтерек»



"Жүз жасаған бәйтерек" поэтикалық сәт




Made with VideoShow

Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына арналған «Жүз жасаған бәйтерек» тақырыбында поэтикалық сәтті ұсынамыз.



Кітапхана тынысы қантар - маусым


«Ұлы дала ақыны»



"Ұлы дала ақыны" - Ұлы ақын, жырау, жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жылдығына арналған



тұлғатану айдарын ұсынамыз.






«Болмысы бөлек тұлға»



«Болмысы бөлек тұлға» мемлекет және қоғам қайраткері Жақан Қосабаевтың 80 жылдығына арналған тұлғатану айдары



Кітапхана тынысы

«Тарихы терең, беделі ерен театр»

(27 –



наурыз Халықаралық театр күні имидж
коктейль)

Халықаралық театр күніне және Арқалық қазақ жасөспірім театрының құрылғанына 20 жыл толуына орай «Тарихы терең, беделі ерен театр» атты тақырыпта онлайн-әңгіме өткізілді. Іс-шараның құрметті қонағы, осы театр әртісі

Қойшығұлова Гүлбаршын Баймаханқызы.



Нурпейісова Гүлбаршын Саханқызы



Отбасы

«Күмбір күй шебері» - күйші Дина

«Күмбір күй шебері»



ДИНА НҮРПЕЙІСОВА 160 ЖЫЛ

Нурпейісованың туғанына 160 жыл толуына орай күй керуен.



Дина Кенжеқызы Нурпейісова (1861, Бекетай құмы, Жанакала ауданы, Батыс Қазақстан облысы - 31 қаңтар 1955, Алматы) – қазақтың әйгілі күйші композиторы, Қазақстанның халық әртісі.

ТАПХАНА ТЫНЫС

«Ел үшін қызмет еткен ғарышкер»

12 сәуір - «Дүниежүзілік авиация және ғарышкерлер күніне» орай ұшқыш-ғарышкер Талғат Амангелдіұлы Мұсабаевтың 70 жасқа толуына арналған «Ел үшін қызмет еткен ғарышкер» атты ақпараттық-танымдық сағат ұсынды.



Арқалық қаласындағы №2 әмбебап ғылыми кітапханасы

2021-2022 ж.ж




«Ел үшін қызмет еткен ғарышкер»

12 СӘУІР – ҒАРЫШКЕРЛЕР КҮНІ



Талғат Мұсабаев 70 жаста



Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

«Өлең-сөздің кеніші»

Журналист, аудармашы, ақын жерлесіміз Әбжан Әбілтайдың 70 жас мерейтойына арналған «Өлең-сөздің кеніші» тақырыбында әдеби кеш өтті. Ақын шығармаларынан мерзімді басылымдарға шыққан мақалаларынан кітап көрмесі ұйымдастырылды. Ақын өмір жолы, отбасы, шығармашылығынан фото-слайд жасалып сахнада берілді.



Ақын Әбжан Әбілтайды жақсы білетін жақындары Жәнібек Ғапбасұлы, өлкетанушы Шөптібай Байділдин, журналист Күлшира Ахметжанқызы, ақын Батырлан Жұмабайұлы кешіміздің құрметті қонақтары болып, ақынның ата-



қызметкерлері қатысты.

бабалары, туған жері, балалық, жастық шағы, еңбектері, шығармашылығы, және өлеңдері оқылып, әні Кеңес Ғапбасұлының «Сарыторғай» өлеңі «Инжу-Маржан» тобының орындауында айтылды. Ақынға арналған әдеби кеш Әнуар Боранбаев атындағы театрда өткізілді. Кеш қонақтарымен бірге Торғай гуманитарлық колледж студенттері мен ұстаздары, көпшілік оқырмандар, кітапхана



КІТАПХАНА ТЫНЫС

«Ұмытылмас асыл бейнең...»



Ән-хор өнеріне зор үлес қосқан ұстаз, дирижер, қалалық «Қазына» халықтық ардагерлер хор ансамблінің көркемдік жетекшісі, «Жыл адамы – 2015» иегері, аяулы ана Әмина Сарманқызының рухына арналған «Ұмытылмас асыл бейнең...» атты

еске алу кеші өтті. Кешке апайдың туыс-туғандары, балалары, шәкірттері, замандастары, хор ұжымы, өнер, мәдениет қызметкерлері қатысты. Еске алып апайдың өнер жолындағы еңбектері айтылды. Кеш соңында қызы Айгүл Айтмұханбетқызы ризашылығын білдірді.



Кітапхана т

Қара тасқа тіл бітірген

*(Мүсінші, суретші,
Қазақстан Республикасы Суретшілер Одағының мүшесі
Әбілбек Ұзақұлының туғанына 85 жыл (Жаднама))*



Мүсіндеу өнері қиындығы мол, алар ғибраты ерекше үлкен дүние. Кескінді келістіре бейнелеуде алдына жан салмаған Ұзақұлы Әбілбек 1936 жылы 31 қазанда Амангелді ауданы, «Рымбай» шығанағында дүниеге келген. Ол 1947-74 аралығында Аманкелді орта мектебінде оқып, сол жерде 10-шы сыныпты тәмамдады. Орта мектепті меңгерген Әбілбек Ұзақұлы 1954-55 жылдары аудан орталығындағы жүргізушілер даярлайтын

арнайы курсқа түсіп, кәсіби мамандық алып шығады.

1955-60 жылдары Аманкелді аудандық партия комитетінің хатшысының жүргізушісі болып жұмыс істейді.

1960-65 жылдары республикаға танымал суретші-мүсінші Хакімжан Наурызбаевтың ағалық қамқорлығы арқасында Алматыдағы Н.В.Гоголь атындағы суретшілік училищесіне түседі. Төрт жыл ұлы мүсіншінің үйінде жатып оқып, осы училищенің толық курсын мүсінші мамандығы бойынша 1965 жылы аяқтап шығып «суретші-мастер» дәрежесін иемденеді.

Әбілбек Ұзақұлының өнер саласындағы білімін академияда жалғастыруға қанша орайы келіп тұрса да, жанұя жағдайына байланысты білімін жалғастырудан амалсыз бас тартуға тура келеді.

Сөйтіп, 1965-97 жылдар аралығында Аманкелді аудандық мәдениет бөлімінде суретші, сахна декораторы, әрі гримдеуші болып қызмет атқарады. Сол жылдар ішінде Аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатының тапсырмасымен аудан, кеңшарлар орталықтарын үгіт-насихат плакаттарымен безндіріп, еңбек озаттарының түрлі-түсті портреттерін салды. Бірнеше рет «Торғай әуендері» фестиваліне қатысып, диплом, грамоталармен

Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

марапатталған. Осы жылдар ішінде ауданның көрнекті азаматтарының, Еңбек Ерлерінің, ауыл шаруашылық озаттарының, ақын-жазушылардың, Торғай елінен шыққан өткен замандардағы халық батырларының ескерткішін жасады. Сондай - ақ ауданға қарасты кеңшарларға кіре берісте аркалар орнатып, безендіреді.

Әбілбек Ұзақұлы 1997 жылы құрметті демалысқа шығып, 1998 жылы қазан айында Арқалық қаласына көшіп келді.

Жаратылысында еңбекқор дарын иесі зейнеткерлік жаста да қарап отыра алмай, халқына қалтқысыз қызмет ете береді. 2002 жылы қала әкімінің өтінішімен әкімшілік ғимараты алдында биіктігі 6 метрлік Ұлт-азаттық көтерілісінің көсемі Аманкелді Үдербайұлы Имановтың ескерткішін сомдап шығарады. Бұдан кейін де Аманкелді ауданы әкімшілігінен түскен сұраныс бойынша Кеңесары Қасымовтың Азаттық күресі жолындағы үзеңгілес достары – Қошқар, Иман, Жәуке батырлардың бюстері жасалып, аудан әкімшілігі алдына қойылады.

2007-2013 жылдары халқының азаттығы үшін күрескен Кейкі батыр, Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов пен Халық батыры Төлек Жәукенің бюстерін сомдады.

Арқалық қаласының құрметті азаматы Әбілбек Ұзақұлының ел үшін еткен еңбектері елеусіз қалған жоқ. Бірнеше мақтау грамоталары мен Алғыс хаттар айырықша жалғасын тапты. 2012 жылғы желтоқсанның 5-ші жұлдызындағы Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарлығы бойынша ерен еңбегі «Құрмет» орденімен бағаланды. 2014 жылы желтоқсан айында Қостанай облыстық меценаттар клубының «Қазына» сыйлығының лауреаты атанды. 2015 жылы қараша айында мүсін саласындағы көп жылғы еңбектері бағаланып, «Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі» атағы берілді.

Шамасы келгенше өмірден өткен, елін, жерін қорғаған батырлар мен халық үшін аянбай еңбек еткен, отанын шын сүйген қадау-қадау тарихи тұлғалардың бейне-мүсінің жасаумен шұғылданып, келешек жас ұрпаққа үлгі-тәрбие ретінде қолтаңбасын қалдырған Әбілбек Ұзақұлы 81 жасқа караған шағында 2016 жылы дүниеден өтті.

Торғай өңірінің терең тарихынан сыр тартқан алып тұлғалар мүсіндерін тасқа қашап сөйлеткен, 70-тен астам мүсіндеу өнерінің авторы, ел сыйлаған тұлға Әбілбек Ұзақұлының ерен еңбегі кейінгі ұрпақтың есінде сақталатынына сенімдіміз.

Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

Ұстаз ұлағаты

(Ұстаз, спортшы, ақын

Сейітқали Сабыржанұлы Оташев 70 жаста Жаднама)



...Әкеден тәрбие алған, әкенің ақыл - парасатын бойына сіңіріп, үлгі-өнегесін ойына дарытқан, ата-салт, ғұрпын дәріптеп, әдептен озбаған, өзінің ұстаздық жолындағы саналы ғұмырында жеткіншек ұрпаққа сапалы білім, сан қырлы тәрбие беріп, артына ізгілікті іздер қалдырған ұлағатты ұстаз, ақын, спортшы Оташев Сейітқали Сабыржанұлы 1951 жылы 22 ақпанда Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Қайыңды

ауылының «Қараторғай» елді мекенінде дүниеге келген.

Ол 1958 жылы мектеп табалдырығын аттап, оны 1968 жылы бітірген. 1981 жылы Жезқазған педагогикалық институтының көркемсурет-графика факультетінде білім алып, «Сызу, бейнелеу өнері пәндерінің мұғалімі» мамандығын алып шықты. 1981-1996 оқу жылдары аралығында өзі еңбек еткен Жасбуын орта мектебінде жеткіншек ұрпаққа өнер-білімнің осы саласынан сапалы білім беріп, кейін Арқалық қаласындағы №1 Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектебінің оқу ісі жөніндегі меңгерушісі, сызу, бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі қызметін атқарды.

Сейітқали Сабыржанұлы білімді де білікті, өнердің сан қырын меңгерген ұстаз. Ол жас кезінен білсем, көрсем, әрқашан алда болсам деп, өмір мен өнерге құлшынған жанның бірі болды. Сонау жылдары Жезқазған қаласындағы студент шағында оның жастық қиялы бокс өнеріне де жетелеген болатын. Сөйтіп жүріп спорттың осы түрінен спорт шеберлігіне үміткер деңгейіне дейін көтерілді. Сейітқали Сабыржанұлы жиі-жиі «Қайрат» спорт кешенінде бой көрсетіп, көптеген қалалық жарыстарға қазылық еткені де осы өнерінің жемісі еді. Көкейіне жыр құйып өскен ол

ақындық қасиетін ұштай отырып, жеткіншек ұрпаққа сөз өнерінің құлпытетін
жылдары еңбекшілер арасында «Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі» қызметін атқарды.

Кітапхана тынысы **қаңтар - маусым**

үйірмесін ашып, жыл сайын балғын ақындар шығармашылығынан қалалық мүшайра өткізіп отырды.

Осы уақытқа дейін әкенің ізімен айнымай жүріп, елге елеулі еңбек еткені үшін Сейітқали Сабыржанұлы «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» атағымен марапатталған.

Сейітқали Сабыржанұлының әкесі Сабыржан Оташев көп жылдар ағарту саласында ұстаздық еңбек еткен. Ол ұзақ жылдар бойы Аманкелді ауданының Қарасу ауылында қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі, мектеп директоры, кейін ғұмырының соңына дейін аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. Ол ізденімпаздығын, еңбекқорлығын, нағыз ұстазға тән асыл қасиеттерін тек өз балаларына ғана үлгі етіп қойған жоқ, соңынан ерген ондаған, жүздеген ізбасарларына үйрете білді. Осындай өмірін ұстаздық жолға арнаған Сабыржан Оташевтың ізін жалғастырып жүрген Сейітқали Сабыржанұлы қолы қалт еткенде қарындашын қаламға айырбастап, ой өрнегін жыр кестесіне түсіре білетін ақынжанды адам.

Сейітқали Сабыржанұлы 2016 жылы әкесі Сабыржан Оташұлының 90 жылдығына арнап әкесі туралы естеліктерден «Жүрек төріндегі жарқын бейне» атты кітап құрастырып шығарды.

Сейітқали Сабыржанұлының жұбайы Жарас Қойшыбекқызы да өзімен қатарлас ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызмет атқарып, өнегелі ұстаз, ардагер ана, асыл жар, жанұяның ұйытқысы бола білді.

«Әкеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер» демекші, ұлдары Азамат жоғары білімді заң қызметкері болса, қыздары Меруерт – Қаныш Сәтпаев атындағы тау-кен университетін тәмамдаған білікті маман. Қазіргі уақытта Сейітқали Сабыржанұлы Қостанай қаласында тұрады.

Ұстаз – ұлы сөз, ұлы ұғым. Ұстаздық жолмен қатар өлең өлкесінен көрініп жүрген Сейітқали Сабыржанұлы өлеңді өнер тұтатын зерделі жан.

Сондықтан да Сейітқали Сабыржанұлына шығармашылық табыс тілей отырып, жақсы жырларымен ел-жұртыңызды алдағы күндерде де қуанта беріңіз демекпіз.

Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

«Өлкенің гүл жайнаған балғындары»

(Халықаралық балаларды қорғау күніне орай ертеңгілік)



Арқалық қаласындағы № 2 облыстық ғылыми әмбебап кітапханасының балалар бөлімінде балаларға арналған «Өлкенің гүл жайнаған балғындары» атты Халықаралық балаларды қорғау күніне орай ертеңгілік өткізілді.

Бұл мереке Халықаралық балаларды қорғау күнімен қатар келетін жаздың бірінші күні. Бұл күннің басты идеясы – қоғамды балаларға қамқорлық, ерекше көңіл аудару керектігін, айқын, түсінікті нәрселер жөнінде ескерту. Сонымен қатар біздің мақсатымыз бүлдіршіндерді кітапханамызға тарту, балабақша табалдырығын аттаған күннен бастап кітаптың құдыретін ұғындыру. Жыртпауға, сызбауға, боямауға үйрету. Біз, ересек адамдар үшін балалар – асыл қазына «Аспанның қымбат сыйлығы», өмірдің мәні мен мақсаты. Бұл өмірде баланың күлімдеуі мен қуанышты күлкісінен артық нәрсе жоқ. Балаларды бақытты қылудың ең жақсы жолы – олардың құқықтарын қамтамасыз ету, оларға әрдайым қамқор болу, қуаныш, махаббат пен мейірімділік жағдайын құру. Кітапхана холлы нақыл сөздер, шарлар, гүлдер, суреттер, плакаттармен безендірілді.

Кітапхана тынысы



Холлда әдемі безендірілді, бүлдіршіндер әр түрлі сахналық көріністермен орындаушылық шеберліктерін танытып, сахналық киім үлгі

бейнесімен жандандырып, асфальтта сурет салу өнерлерінде көрсетті. Бүлдіршіндерді ертегі кейіпкерлері Көнілді клондар қарсы алды, осы мейрамға қонақтар қатысуға шақырылды. Кейіпкерлер ойын ойнатып, би биледі.



Біздің мақсатымыз бүлдіршіндерді кітапханамызға тарту, балабақша табалдырығын аттаған күннен бастап кітаптың құдыретін ұғындыру. Жыртпауға,

сызбауға, боямауға үйрету. Балаларды қорғау күні мереке ғана емес, сонымен қатар, болашаққа бағдар жасайтын маңызды шараның бірі. Әр адамның алдында тұрған үлкен міндет – болашақ ұрпақтың бақытты өмірін қалыптастыру. Мерекеге белсене қатысқан талғамы биік жасөспірімдерді белсенділік танытқан балабақшалар мадақтама және естелік сыйлықтармен марапатталып, әр бала сияпатқа ие болды. Іс-шараға 38 бала қатысты. Көрмеден 16 берілді.



Кітапхана

Торғай түлегі – жыр қыраны

(ақын, журналист, аудармашы, драматург
Серік Тұрғынбековтың 75 жасқа толуына арналған)
Библиографиялық көрсеткіш)

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы
ақын, журналист, аудармашы, драматург, жерлесіміз

Серік Сәрсенұлы Тұрғынбековтың 75 жасқа
толуына арналған библиографиялық көрсеткішін
әзірлеп оқырман назарына ұсынды.



Библиографиялық көрсеткішке ақынның өмір жолы мен шығармашылығы жайындағы мағлұматтар берілген.

Көрсеткішке 1972 жылдан бастап 2020 жылдың желтоқсан аралығында баспасөзде жарияланған ақынның өлеңдері, мақалалары мен кітапхана қорында бар материалдар енгізілген, интернет-материалдардың ресурстары пайдаланылған.

Әдебиеттер бөлімдер бойынша жүйеге келтірілген, бөлім ішіндегі материалдар хронологиялық ретпен орналастырылған.

Бөлімдер Серік Тұрғынбековтың жыр жолдарының, мерзімді басылым бетіндегі жарияланымдарының, оның өмірі мен шығармашылығы жайындағы кітаптары мен мақалаларының, сондай-ақ әңгімелері мен сұхбаттарының тізімінен тұрады. Басылымда материалдар қазақ тілінде берілген.


Библиографиялық көрсеткіш мәдениет қызметкерлеріне, әдебиетшілерге, оқытушыларға, студенттерге және көпшілік оқырманға арналған.

Кітапхана тынысы қаңтар - маусым

Ұлтын ұлықтаған азамат

(мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына 90 жыл)
Библиографиялық көрсеткіш

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімі мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты Өзбекәлі Жәнібековтің 90 жыл мерейтойына орай «Ұлтын ұлықтаған



азамат» атты библиографиялық көрсеткішін әзірлеп оқырман назарына ұсынды.

Библиографиялық көрсеткішке Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметі жайындағы мағлұматтар берілген.

Көрсеткіштегі материалдар қазақ тілінде әзірленген. Бөлімдер Ө. Жәнібековтің мерзімді басылым бетіндегі жарияланымдарының, оның өмірі мен шығармашылығы жайындағы кітаптары мен мақалаларының, сондай-ақ әңгімелері мен сұхбаттарының тізімінен тұрады. Әдебиеттер тізімі әліпбилік ретпен орналастырылған.

Библиографиялық көрсеткішке 1973 жылдан бастап 2021 жылдың қаңтары аралығында баспасөзде жарияланған мақалалар мен кітапхана қорында бар материалдар енгізілген.

Көмекші құрал ретінде есімдердің әліпбилік көрсеткіші берілген. Басылым көпшілік оқырман қауымға арналған.

Кітапхана тынысы

қаңтар - маусым

Кітапханашы анықтамалығы

/Әдістемелік құрал/

Кітапханашы мамандығы оқырмандарға қызмет көрсетеді. Олардың оқу талғамын қалыптастырып, оқу қажетін қанағаттандыру, кітап оқуына басшылық ету, әдебиеттерді насихаттау, сондай-ақ



кітапханадағы жұмыс процестерінің бүтін комплексі енеді.

Кітапханашы өз ісінің бастаушысы болуы керек, оқырмандар арасымен жұмыс істей білуі, кітапхана жұмысының әдістерін меңгеруі, осы әдістердің көмегімен кітапхананың бүкіл жұмысын ұйымдастыра білуі керек.

Мәдени ой-өрісінің кең болуы, мамандық білімінің тереңдігі, педагогикалық жұмыс әдістерін игеру – кітапханашыға тән қасиет. Құжаттардың түріне және басқа да параметрлер бойынша жаңа жағдайға келтіретін процесс.

Әдістеме-библиография бөлімі «Кітапханашы анықтамалығы» тақырыбында әдістемелік құрал дайындап шығарды. Әдістемелік құрал кітапханашылар үшін пайдалы құрал. Әдістемелік құралға кітапханашылардың жұмыс тәжірибесіне қолданылатын керекті мәліметтер жинақталды.

Кітапхана тынысы

қаңтар - маусым

Мамандығым мақтанышым

Анықтамалық басылым

Кітапхана дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлғанының көзі, ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан шырағы биік, парасаттылық пен білімділіктің киелі ордасы.

Кітап – уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі, қоғамның мәдени



«Арқалық қаласындағы
областтық № 2 «Әбіл-қайыпұлы» кітапханасы» ҚММ
Әдістеме-библиография бөлімі



Анықтамалық басылым

Арқалық 2021

күштерін дамытудың қуатты құралы, қайнар бұлағы.

Қызығы мен қиындығы мол кітапханашы мамандығы туралы бір-ақ ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес, жұрт көп біле бермейтін, көп елене бермейтін, бірақ дүйім оқырманның кітап жайлы бағыт-бағдар алуы үшін жан-тәнімен беріліп қызмет атқарып жатқан кітапханашылардың еңбегі ұшан-теңіз. Қасиетті қазынамызды көздің қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген кітапханашылар – ең қажет, абыройлы мамандық иелері.

Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасына 50 жыл толуына орай, кітапхананың әдістеме-библиография бөлімі «Кітапханашы – өзіндік тұлға» тақырыбында анықтамалық басылым құрастырып шығарды. Бұл анықтамалық басылымда кітапхана саласында көп жылдар бойы еңбек етіп жүрген кітапханашылардың өмірбаяндары, марапаттары, атқарған қызметтері, мерзімді басылымдарға шыққан мақалалар тізімі енгізілді.

Кітапхана тынысы

қаңтар - маусым

Тарихы терең, қазынасы мол - кітапхана

Кітапханамызға 50 жыл

Бүгінгі дамыған замандағы жастар мен кітапты байланыстыратын алтын көпір – кітапхана. Көне жазбалар мен сирек кітаптар секілді кітапхананың да тарихы өте ескі дәуірлерден бастау алады. Кітапхана – мәртебесі биік киелі шаңырақ.

Кітапхана оқырманның рухани талап-тілегін қанағаттандырумен қатар, әлемдік, ұлттық, әмбебап ақпарат көздерін толық жинақтап, оқырманға жеткізуші болып табылады. Осындай оқырманға жан-жақты қызмет көрсететін кітапханалардың бірі 50 жыл



тарихы, мыңдаған қоры бар Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы.

Осы кітапханамызға биыл 50 жыл толып отыр. Әдістеме-библиография бөлімі кітапханамыздың 50 жылдығына орай «Тарихы терең, қазынасы мол – кітапхана» атты анықтамалық басылымды құрастырып шығарды.

Бұл басылымда кітапханамыздың тарихы, кітапхана саласында елеулі еңбек еткен кітапхана ісінің ардагерлері, қазіргі таңдағы кітапхананың әр бөлімдеріне сипаттама және кітапхана мәдени орталықтың ошағы болғандықтан әр бөлімнің өткізген іс-шаралары топтастырылған. Анықтамалық басылым оқырмандарға, кітапхана қызметкерлеріне арналып дайындалған.

Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

4 бөлім

Жаңалықтар мен оқиғалар

«Парасат жолы»

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасында «парасат жолы» орталығы ашылды. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министірлігі «Адалдық алаңы» жобасы аясында облыстық, аудандық және ауылдық кітапханалар жанындағы «парасат жолы»



орталықтарының бірлескен жұмысы туралы меморандумдарға қол қойды. Меморандум мақсаты – азаматтық қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және парасаттылық құндылықтарды кеңнен насихаттау. Осыған орай, жуырда Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасында «Парасат жолы» орталығы ашылды.

Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым


Іс-шараға оюшы, қолөнер шебері, өлкетанушы, Абылайхан атындағы Алтын медальдің және «Қазына» сыйлығының иегері, Арқалық қаласының құрметті азаматы Шөптібай Байділдин, «Нұр Отан» партиясы Арқалық қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Сабыржан Тасмағанбетов, Арқалық қаласы әкімдігінің Заң бөлімінің басшысы Жасұлан Хусаинов, Арқалық қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің маманы Олжас өтегенов қатысып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өз пікірлерімен бөлісті. Іс-шараны кітапхана басшысы Борибаева Қазына Байсабековна жүргізіп отырды. «Парасат жолы» - адалдық, парасаттылық,

әділеттілік қағидаттарын қалыптастыруға, сондай-ақ ұлттық мәдениет пен руханият құндылықтарын қоғамда іргерілетуге бағытталған тағы бір жоба.



Кітапхана тынысы қантар - маусым

«Туған елге мың алғыс!»



1 наурыз – Алғыс айту ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған күн. Осы мерекеге орай Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапхана қызметкерлері “Туған елге мың алғыс!” атты бейне-эстафета челленджін бастады. Айта кетейік, челленджге қатысушылардың бейнематериалдарын әлеуметтік

желілерде жарияланған жазбаларымен #туғанелгемыңалғыс, #tuganelgemynalgyс хэштектері арқылы көре аласыздар.



Алғашқы кезеңі

«Қайырымдылық – қайырлы іс»

«Қайырымдылық – қайырлы іс» марафоны





Арқалық қаласындағы № 2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруыменен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Қайырымды істер марафонына» қатыстық. Жалпы ұлттық жобаны қолдап №12 жатақхана тұрғындарына кітаптар мен тәтті тағамдар сыйға тартылып және де кітапхана туралы

мағұлматтар беріліп, жаңа түскен кітаптарға шолу жасалынды.

#ҚАЙЫРЫМДЫІСТЕРМАРАФОНЫ



«30 игі іс» шарасы аясында «Қайырымдылық – қайырлы іс» атты марафонды жалғастыра отырып, Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөлімі «Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен

қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-нің психоневрологиялық ауруы бар мүгедек балаларға арналған күндізгі болу бөлімшесінде болып,

кітаптар мен тәтті сыйлықтар таратылды.
Кітапхана ТЫНЫСЫ

ҚАҢТАР - МАУСЫМ



Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімі Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай және "Қайырымды істер марафоны" жалпы



ұлттық жобасы аясында өтіліп жатқан қайырымды істер марафонына қатысып, жомарттық танытты. #ҚАЙЫРЫМДЫІСТЕРМАРАФОНЫ



Елімізде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ұйымдастырылған «Игі істер марафоны» атты жалпыұлттық жобасы жол тартқан болатын. Барлық қазақстандықтарға осы марафонға қатысу жөнінде үндеу жасалды. «Арқалық қаласындағы облыстық № 2

әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ-де Тәуелсіздігіміздің 30-жылдығына арнап, жалпыұлттық жоба аясында ұйымдастырылған «Игі істер марафоны» акциясына белсене ат салысты. Осылайша олар «Арқалық өңірлік

кітапханасы» КММ-де 105 дана көлемінде кітаптар мен оқу құралдарын тартуға тауып

Кітапхана тынысы **Қаңтар - маусым**

атаулы жобадан тыс қалмауға тырысты. Кітаптар стационарлық ем қабылдап жатқан науқастарға арналып табыс етілді. Кітап оқу арқылы науқастың көңілі бөлініп, ауруға берілмеуіне септігін тигізеді. Себебі кітап оқу адамның көңіл-күйін көтеріп, дертінен айығып кетуіне ықпал етеді.



Біздің № 2 ОӘФК республикалық «Ізгі істер марафоны» жобасына белсенді қатысуын жалғастыруда.

6 сәуірде біздің №2 ОӘФК УК 161/12 ММ-не (түрме) 100 дана әдебиет сыйға тартты және бұл кітаптар N 2 ОӘФК КММ теңгерімінде жоқ. Кітаптар

негізінен көркем шығармалар, қазақ және орыс тілдерінде. Бұл кітаптарды кітапхананың қорына Арқалық қаласының тұрғындары өздерінің жеке қорларынан аударған. Бұл қайырымдылық акциясы жақсылыққа қызмет етері сөзсіз. Және біз бұл кітаптарды оқу, қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдар үшін рухани



Кітапхана тынысы

«Қайырымдылық-қайырлы іс»- «Твори добро другим во благо»

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ұйымдастырылған «игі істер марафоны» аясында біздің Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасыда қалыс қалмады. Қыстың суық күндерінде Арқалық тұрғындарына көмек көрсету мақсатында, қала көшесіне қоғамдық және азаматтық бастаманы белсенді қолдауға шықты. Біз көшелерді қар мен мұздан тазартумен айналысатын жұмысшыларды сергітетін, ыстық сусын - наурыз көже мен бауырсақтан дәм таттырдық. Басты мақсат боран мен аязға қарамастан көшелерді тазалап жатқан «Тазалық» ЖШС қызметкерлеріне жылу сыйлап, алғыс айту. Бұл кісілердің жасап жатқан еңбегі күнделікті өмірде байқалмайды, сондықтан біз осындай суық күндерде ол жандарға аз да болса жылу сыйлай алғанымызға қуаныштымыз. Жұмысшылар бізге және біз оларға шын жүректен алғыс айтты.



#ҚАЙЫРЫМДЫІСТЕРМАРАФОНЫ

Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

«Қала әкімінен алғыс хат»



Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапхана қызметкері Аубакирова Кенжегуль Молдахметовна Жемісті еңбегі үшін және 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні құрметіне орай қала әкімінің Құрмет грамотасымен нағратталды.



Кітапхана тынысы қаңтар - маусым



Арқалық қаласындағы
облыстық № 2
эмбебап ғылыми
кітапхана
қызметкерлерін 21
мамыр – Мәдениет
және өнер
қызметкерлер күніне
орай қала әкімінің
Құрмет
грамоталарымен оқу
залының меңгерушісі



Исабекова Ләззат Баяхметқызы, кітапхананың шаруашылық меңгерушісі
Жүнісов Сандибек Исаұлы және Қостанай облысы мәдениет басқармасының



басшысының грамотасымен Ибикенова Сая
Қабылдақызы марапатталды. Сонымен қатар
Көшкінбай Сымбат Мұратқызы «Қазақстан
Республикасының үздік кітапханасы»
Республикалық
конкурсында
«Еркін
номинация »
номинациясы
бойынша III –
орынды жеңіп
алды.

Кітапханашылардың еңбектері құрметпен
марапатталғанына және біздің жұмысымыздың
лайықты бағаланғанына өте қуаныштымыз.
Марапат иелерін құттықтай отырып,
еңбектеріне толағай табыс тілейміз!



Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

«Мұражай – тарих қоймасы, өмір айнасы»

(Мұражайға саяхат)



Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының қызметкерлері 18 мамыр – Халықаралық мұражай күні қарсаңында «Мұражай – тарих қоймасы, өмір айнасы» тақырыбында Арқалық қаласындағы «Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайына» саяхат жасалды.

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапхана қызметкерлері экскурсияға барып, музей қызметкерлері ұйымдастырған

көрмелерімен, экспонаттармен танысып, біраз мағлұматтар алды.



Музейдің ғылыми қызметкері Терек Рауан Абдуллажанұлы өткізген іс-шарада өлкенің тарихы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған көрмелерге шолу

жасалды. «Атамнан қалған ақ боз үй», «Ұлы дала мұралары», «Рух сардары» тақырыптарында құнды жәдігерлерге құрылған көрмеден біраз мағлұматтар алынды. Экскурсия соңынан мұражай қызметкерлерін мерекелерімен



Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

Журналист – жазушы Дина Ғиссақызы Әбішова кітапханаға кітабын сыйға тартты



Журналист, публицист, аудармашы жерлесіміз Әбішова Дина Ғиссақызы кітапханамыздың оқырмандарына «Қайсар қыз» атты кітабының 5 данасын сыйға тартты. Журналист-қаламгердің бұл кітабына енген әңгімелеріне қазіргі қоғамның ащы шындығы арқау болған. Маскүнем әке, ішкілікке салынған ұл, жат ағымға ілесіп адасқан қыз тағдыры кейіпкерлердің ішкі жан-дүниесіндегі психологиялық иірімдерімен өріледі. Өмір

өзеніндегі кейіпкерлердің басынан өткен оқиғаларды жүрегінен өткізіп, шынайы жазады. Сондай-ақ «Қайсар қыз» повесіндегі тағдыр тауқыметін тартқан ана бейнесі көркем шығарма желісінің айсықты тақырыбына айналған. Сонымен қатар, Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісінде Аманкелді Имановтың үзенгілесі әрі сарғаскері болған атасы Әбіш Ырысбйұлы жайында жазған деректі әңгімесі оқырмандарды бей-жай қалдырмайды.



Ауылдастарының басынан кешкен қаракеттері де езу тартқызып, көңіліне жылы шырай қалдырады. «Жалғыздық», «Ағатайым менің», «Ақ бантик» әңгімелеріндегі жазушының ой-толғаныстары мен нәзік сыршылдығы әдемі

үйлесін тапқан. Автордың ойы ұшқыр, тілі көркем әрі жатық. Талантты қаламгердің шығармаларынан әдемі үйлесім тауып, ой –сезімімізді сілкіндірерлік пайымдары мен нәзік сыршылдығы ерекше толғандырады. Туған жерден түлеп ұшқан Дина Ғиссақызына шығармашылық табыс, қаламыңыз



Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

5 бөлім

Болашаққа жоспар

Әдістеме-библиография бөлімі

1. «Қоғамдағы кітап пен оқу мәдениетін қалыптастырудағы балалар кітапханасының рөлі» аймақтық зерделі кеңес
2. «Құс жолының бір жұлдызы» (ақын, аудармашы Шәміл Мұхамбетжановтың туғанына 90 жыл) жаднама
3. 2022 жылға берілген Арқалық қаласындағы атаулы күндер күнтізбесі

Абонемент

1. «Қалдырған ізі мәңгілік» (Ы. Алтынсариннің туғанына 180 жыл) Әдеби сағат
2. Естен кетпес асыл бейне (ақын, жазушы М. Хәкімжанованың туғанына 115 жыл) әдеби портрет
3. Рухы биік халықтың тарихы мәңгілік (16-17 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні) Тарихи ке
4. Выдающий английский писатель-фантаст Г. Уэллс (155 лет со дня рождения) литер путешествие
5. Боль за человека (130 лет со дня рождения М. Булгакова) литер вечер

Оқу залы

1. «Тіл ең асыл құндылық» (5 қыркүйек ҚР. халықтарының тілдер күні) эссе байқау
2. «Шаңырағым шаттығым» 11 қыркүйек Отбасы күніне жанұялық бенефис

Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

Оқу залы

- 3. «Батырын ұлықтау-ұрпаққа парыз»** (Батыр Кейкі Көкенбайұлының туғанына 150 жыл) жеке портрет
- 4. «Талантты тарихшы, ғұлама ғалым»** (Тарих ғылымының докторы ҚР ҒА академигі, профессор, ҚазКСР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері Манаш Қозыбаев туғанына 90 жыл.) тұлғатану айдары

Өнер секторы

- «Есімі елімен мәңгі бірге»** (5 – тамыз сазгер, өнерпаз елтебаев Төкен Сауытбайұлына 85 жыл) еске алу кеш
- «Даланың дара ұстазы»** (инженер-құрылысшы, архитектор, меценат Ысқақов Сапар 80 жаста) бір кітаптан әңгіме
- «Өнредегі өнегелі өмір»** (30 шілде – қазақстанның халық әртісі, әнші Әлібек Дінішевке 70 жас) Арт. Сағат
- «Дарабоздардың дарасы»** (ұстаз, өнертанушы, қолөнер шебері Байділдин Шөптібай 75 жаста) қонақжай

КММ Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы

Құрастырушы: Көшкінбай С.М.

Редактор: Ахметжанова А.Қ.

Басылымға жауапты: Борибаева Қ.Б.

Компьютерлік терілім: Көшкінбай С.М.

Біздің мекен – жайымыз: Арқалық қаласы, Абай көшесі, 62

Телефон: 8 (71430) 7 - 09 -16

Эл.почта: arkounb@mail.ru

Библиодайджестің шығуы

Жылына екі рет

Таралымы: 5

Көлемі: 0,3